

«РБМ-Қазақстан» БК» ЖШС
қатысушыларының кезектен тыс
Жалпы жиналысының шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»
(31.05.2022 жылғы № 66 хаттама)



**«Русбурмаш-Қазақстан» Бірлескен кәсіпорны»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

2022 ЖЫЛ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Русбурмаш-Қазақстан» Бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) Серіктестіктің заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін, оның ішінде оның корпоративтік құқығын, сондай-ақ оның фирмалық атауын, орналасқан жері мен мекенжайын, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және оған қайшы келмейтін өзге де ережелерін анықтайды.

1.2. Серіктестіктің қатысушылары:

1.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылатын **«Волковгеология» акционерлік қоғамы**, орналасқан мекенжайы: 050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 168, Алматы қаласы Әділет департаментінде тіркелген (мемлекеттік қайта тіркеу туралы 26.01.2005 ж. № 2597-1910-АҚ куәлігі, бастапқы тіркелген күні 11.07.1994 ж.), БСН 940740001484, банк реквизиттері: ЖСК KZ646010131000206180 «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, БСК HSBKZKX;

1.2.2. Нидерланды заңдарына сәйкес құрылған және әрекет ететін, 19.09.2006 ж. Нидерланды Сауда палатасының коммерциялық кәсіпорындар тізілімінде 34256224 нөмірімен тіркелген **Uranium One Coöperatief U.A. кооперативі**, орналасқан мекенжайы: Rapenburgerstraat 175 N, 1011VM Amsterdam, the Netherlands (Рапенбургерстраат 175 N, 1011VM Амстердам, Нидерланды); салық төлеушінің коды 817104549; Beneficiary's Bank: J.P. Morgan SE – Amsterdam Branch; Address: Strawinskylaan 1135, Tower B, 1077 XX, Amsterdam, the Netherlands; SWIFT: CHASNL2X; Account (USD): 200402390; IBAN / SWIFT: NL69CHAS0200402390.

1.3. Серіктестіктің орналасқан жері мен мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 161006, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Тайқоңыр ауылы, Тұлпар көшесі, 1-ғимарат.

1.4. Серіктестіктің фирмалық атауы:

- мемлекеттік (қазақ) тілінде:
 - толық атауы – «Русбурмаш-Қазақстан» Бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 - қысқаша атауы – «РБМ-Қазақстан» БК» ЖШС;
- орыс тілінде:
 - толық атауы – товарищество с ограниченной ответственностью «Совместное предприятие «Русбурмаш-Казахстан»;
 - қысқаша атауы – ТОО «СП «РБМ-Казахстан»;
- ағылшын тілінде:
 - толық атауы – limited liability partnership «Joint venture «Rusburmash-Kazakhstan»;
 - қысқаша атауы – LLP «JV «RBM-Kazakhstan».

1.5. Серіктестік белгісіз мерзімге құрылған.

1.6. Серіктестік мемлекеттік емес коммерциялық ұйым, қызметкерлерінің орташа жылдық саны екі жүз елу адамнан асатын ірі кәсіпкерлік субъектілерінің санатына жататын, жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

1.7. Серіктестіктің құрылтай құжаттары Жарғы және құрылтай шарты болып табылады.

1.8. Жарғы қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар 3 (Үш) түпнұсқа данада жасалды.

2. Серіктестіктің құқықтық мәртебесі

2.1. Серіктестік 14.05.2007 жылы құрылтайшылар жиналысының шешімімен бекітілген (11.05.2007 жылы № 1 хаттама) құрылтай шартының негізінде Алматы қаласы Әділет

департаментінде 25.05.2007 жылы тіркелген, Алматы қаласы Әділет департаментінің Әуезов ауданының Әділет басқармасында 18.08.2014 жылы мемлекеттік қайта тіркеуден өткен және Қазақстан Республикасының заңнамасына және оның құрылтай құжаттарына сәйкес әрекет етеді.

2.2. Серіктестік заңды тұлға құқықтарына, фирмалық атауы қазақ және орыс тілдерінде жасалған дөңгелек мөрине; қазақ, орыс тілдеріндегі және қажет болған жағдайда басқа тілдердегі мөртаңбаларына; бланкілер және көрнекі сәйкестендірудің басқа құралдарына ие; тауар белгісі мен бейнелемелері болуы мүмкін.

2.3. Серіктестік өз атынан келесі әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы:

2.3.1. шарттар (келісімшарттар, келісімдер) жасауға, мәмілелер жасауға және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де әрекеттер жасауға;

2.3.2. Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін, ғимараттарды, құрылымдарды, жер учаскелерін, бағалы қағаздарды, өнеркәсіптік үлгілерді, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, ақпаратты, оның ішінде ғылыми-техникалық, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ кез келген басқа мүлікті сатып алуға;

2.3.3. Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде заңды тұлғалар, филиалдар, өкілдіктер және/немесе өзге де оқшауланған бөлімшелер құруға;

2.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленген тәртіппен өзіне меншік құқығындағы мүлікті және мүліктік құқықтарды иеліктен шығаруға, жалға беруге, қарызға беруге немесе өзге де тәсілмен билік етуге;

2.3.5. басқа заңды тұлғалардың бағалы қағаздарына, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде ұзақ мерзімді инвестицияларды, олар бойынша ұзақ мерзімді кірістер алу мақсатында өзге де инвестицияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;

2.3.6. Қазақстан Республикасынан тыс жерде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен халықаралық бірлестіктер мен ұйымдарды ұйымдастыруға және олардың қызметіне қатысуға;

2.3.7. белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының банктерінде, сондай-ақ шетелдерде банк шоттарын ашуға;

2.3.8. Серіктестік қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгенмен салыстырғанда өз қаражаты есебінен қосымша еңбек және/немесе әлеуметтік жеңілдіктер енгізуге;

2.3.9. басқа да мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға.

2.4. Серіктестіктің дербес балансы бар.

2.5. Серіктестіктің Қатысушылары оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестік қызметіне байланысты шығындар тәуекелін өздерінің салымдарының құны шегінде көтереді.

2.6. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша барлық мүлкімен жауап береді. Серіктестік өз Қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Серіктестіктің жарғылық капиталын толық енгізбеген серіктестік қатысушылары оның міндеттемелері бойынша Серіктестік қатысушыларының әрқайсысының салымының төленбеген бөлігінің құны шегінде ортақ жауапкершілікте болады.

2.7. Егер Серіктестіктің банкроттығы оның Қатысушылардың және/немесе лауазымды тұлғаларының қасақана әрекеттерінен туындаса, Серіктестікте қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, мұндай тұлғалар Серіктестіктің кредиторлары алдында субсидиарлық жауапкершілікте болады.

2.8. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Серіктестік органы өзінің жарғысында белгіленген өкілеттіктерінен тыс қабылдаған міндеттемелері бойынша үшінші тұлғалардың алдында жауап береді.

3. Серіктестік Қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

3.1. Серіктестік Қатысушылары келесі әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы:

- 3.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғысында белгіленген тәртіппен Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
- 3.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғысында белгіленген тәртіппен Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және басқа құжаттамасымен танысуға;
- 3.1.3. Серіктестіктің Жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімде Серіктестікке оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және дәлелді жауаптар алуға;
- 3.1.4. Серіктестік органдарына сайлау үшін өз өкілдерін сайлауға және ұсынуға;
- 3.1.5. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының және/немесе Серіктестік Қатысушыларының уәкілетті өкілдерінің Серіктестік қызметін тексеру нәтижелерімен танысуға;
- 3.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылтай құжаттарына және Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысының (Жалпы жиналысының) шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен кірістер алуға;
- 3.1.7. Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе Серіктестіктің барлық Қатысушылардың келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;
- 3.1.8. өз қаражаты есебінен Серіктестікке аудит жүргізуді талап етуге;
- 3.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен оның үлесін иеліктен айыру арқылы Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;
- 3.1.10. Серіктестік органдарының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдерін сот тәртібімен даулауға;
- 3.1.11. Бас директор әрекетсіздік етсе немесе оны Жалпы жиналысты шақырудан жалтарса, сот тәртібімен келесі Жалпы жиналысты шақыруды талап етуге;
- 3.1.12. кезектен тыс Жалпы жиналысты, егер Серіктестік Қатысушыларының өтініші бойынша Бас директор шақырмаса, дербес шақыруға;
- 3.1.13. Серіктестік Қатысушылардың жоғарыда аталған құқықтары толық емес. Серіктестік қатысушылары «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалана алады. Серіктестік Қатысушыларының жоғарыда аталған құқықтарын шектеуге бағытталған Серіктестіктің кез келген шешімдері жарамсыз болып табылады.

3.2. Серіктестік Қатысушылары міндетті:

- 3.2.1. Серіктестіктің құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға;
- 3.2.2. Серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына жарналар енгізуге;
- 3.2.3. Серіктестік немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;
- 3.2.4. Серіктестік алдындағы өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауға;
- 3.2.5. Серіктестікке Қатысушыға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда жан-жақты көмек пен жәрдем көрсетуге;
- 3.2.6. мүмкін болса Серіктестіктің басқа Қатысушыларының Серіктестік қызметіне байланысты ағымдағы шығындарын азайтуға көмектесуге;

- 3.2.7. Серіктестікке залалдар (нақты залал және жоғалған пайда) немесе Серіктестіктің іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін кез келген шешімдерді және/немесе әрекеттерді (әрекетсіздікті) қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, бас тартуға;
- 3.2.8. атауының, орналасқан жерінің, мекенжайының, банктік деректемелерінің өзгергені туралы Бас директорды жазбаша хабардар етуге;
- 3.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің құрылтай құжаттарында белгіленген өзге де міндеттерді атқарады.

4. Серіктестіктің қызметінің мәні мен түрлері

4.1. Серіктестік қызметінің мәні мен мақсаты келесі:

- 4.1.1. уран кен орындарын барлау және игеру саласындағы өзара тиімді сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;
- 4.1.2. Қатысушылардың мүдделері үшін Серіктестік қызметінен пайда алу;
- 4.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттар.

4.2. Серіктестік қызметінің негізгі бағыттары келесі:

- 4.2.1. әртүрлі мақсатта қолданылатын ұңғымаларды бұрғылау;
- 4.2.2. геологиялық барлау жұмыстары;
- 4.2.3. ұңғымаларда, кен орындарында және басқа объектілерде зерттеулер, сынақтар, тәжірибелер жүргізу;
- 4.2.4. Серіктестік өндірген өнімдер мен қызметтерді сату;
- 4.2.5. инвестициялық қызмет;
- 4.2.6. инновациялық қызмет;
- 4.2.7. коммерциялық және делдалдық қызмет;
- 4.2.8. сыртқы экономикалық қызмет;
- 4.2.9. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қоры бойынша мемлекеттік комиссиясында уран қорын қорғау бойынша материалдар дайындау және жер асты ұңғымалалық сілтiсiздендiруi әдiсiмен уран өндiрудiң экономикалық және технологиялық көрсеткіштерін зерделеу мақсатында геологиялық барлау және толық көлемді өріс тәжірибесін жүргізу.

4.3. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағында да, және одан тыс жерлерде де Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

4.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті лицензиялануға жататын қызметтің жекелеген түрлерін тиісті лицензия алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

5. Серіктестіктің жарғылық капиталы мен мүлкі

5.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 60 000 000 (алпыс миллион) теңгені құрайды және Серіктестік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде толық ақшалай төленген.

5.2. Қатысушылардың Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестері (бұдан әрі – «үлестер»/«үлес») оған енгізген жарналарға қатысты:

Учаске атауы	Үлес, %	Жарна, тенге
«Волковгеология» АҚ	49 (Қырық тоғыз)	29 400 000 (Жиырма тоғыз миллион төрт жүз мың)
Uranium One Coöperatief U.A.	51 (Елу бір)	30 600 000 (Отыз миллион алты жүз мың)

5.3. Серіктестіктің жарғылық капиталын Серіктестік Қатысушылары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылған.

- 5.4.** Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту немесе ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 5.5.** Серіктестіктің құрылтай құжаттарында немесе органдарында белгіленген мерзімде өз үлесін толық төлемеген Серіктестік Қатысушысы Серіктестікке осыдан келтірілген залалдарды өтеуге және Серіктестікке тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. Өсімпұл сомасы Серіктестік Қатысушы өз үлесін толық төлеген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі негізінде есептеледі.
- 5.6.** Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық, сондай-ақ өзге де мүлік болуы мүмкін. Мүліктік емес жеке құқықтар және басқа да материалдық емес игіліктер түріндегі, сондай-ақ Қатысушының Серіктестікке қойған талаптарын есепке алу арқылы жарналар енгізуге жол берілмейді.
- 5.7.** Серіктестік Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде енгізілген мүліктің, оның кәсіпкерлік қызметі нәтижесінде алынған мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де негіздер бойынша сатып алынған мүліктің меншік иесі болып табылады.
- 5.8.** Серіктестік қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімі бойынша Серіктестіктің резервтік капиталын және басқа да қорларын құра алады. Серіктестіктің резервтік капиталын және басқа да қорларын қалыптастыру тәртібі қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.
- 5.9.** Серіктестік немесе оның мүлкі сенімгерлік басқаруға тек қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен осындай беру шарттарын анықтай отырып ұсынылуы мүмкін.

6. Серіктестіктің органдары

6.1. Серіктестіктің органдары келесі:

- 6.1.1. Жоғарғы органы – қатысушылардың Жалпы жиналысы (Жалпы жиналыс);
- 6.1.2. Атқарушы органның қызметін бақылайтын орган – Бақылау кеңесі;
- 6.1.3. Атқарушы орган (жеке дара) – Бас директор.

6.2. Жалпы жиналыс Серіктестіктің құрылған күнінен бастап таратылғанға дейін оны басқаратын оның Қатысушыларынан тұратын серіктестіктің жоғары органы болып табылады. Жалпы жиналысты шақыру мен өткізу тәртібі, сондай-ақ жалпы жиналыстың құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және қатысушылардың Жалпы жиналысы туралы Ережемен айқындалады.

6.3. Бақылау кеңесі – оның Қатысушылардың мүдделерін қорғау мақсатында Серіктестік Бас директорының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын, Серіктестік Қатысушылардың өкілдері кіретін, сайланбалы, алқалы орган. Бақылау кеңесінің қызмет тәртібі, оны сайлау және құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Бақылау кеңесі туралы Ережемен айқындалады. Бақылау кеңесінің мүшелері Серіктестіктің лауазымды тұлғалары болып табылады.

6.4. Бас директор Серіктестіктің қызметін ағымдағы басқаруға дербес жауапты болатын лауазымды тұлға болып табылады. Бас директор қызметінің тәртібі, оның сайлануы мен құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Бас директор туралы Ережемен айқындалады.

7. Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысы

7.1. Қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- 7.1.1. Серіктестіктің Жарғысына өзгерістер енгізу, оның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестік Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
- 7.1.2. атқарушы органды құру (Серіктестіктің Бас директорын сайлау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7.1.3. Серіктестіктің немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және мұндай беру шарттарын анықтау;
- 7.1.4. Бақылау кеңесін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7.1.5. Серіктестіктің қаржылық есебін бекіту және Серіктестіктің таза кірісін бөлу;
- 7.1.6. Жарғымен бекіту Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне кіретін құжаттарды қоспағанда, ішкі нормативтік құжаттарды, оларды қабылдау тәртібін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту, оның ішінде:
 - а) Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысы туралы Ереже;
 - б) Серіктестіктің Бақылау кеңесі туралы Ереже;
 - в) Серіктестіктің Бас директоры туралы Ереже;
 - г) Қатысушылардың Жалпы жиналысы оларды құру туралы шешім қабылдаған жағдайда филиалдар мен өкілдіктер туралы Ереже.
- 7.1.7. Серіктестіктің басқа заңды тұлғаларды, оның ішінде коммерциялық емес ұйымдарды құруға немесе қызметіне қатысуы, оның ішінде Серіктестіктің басқа заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы, сондай-ақ Серіктестіктің басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы салымы мөлшерінің ұлғаюы немесе азаюы туралы шешім қабылдау;
- 7.1.8. Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- 7.1.9. тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- 7.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік Қатысушысының үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 7.1.11. Серіктестік мүлкінің барлығын немесе бір бөлігін кепілге қою туралы шешім қабылдау;
- 7.1.12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;
- 7.1.13. Серіктестікке қатысушыларды және ақпарат үлестерін сатып алушыларды Серіктестік қызметі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету тәртібі мен шарттарын бекіту;
- 7.1.14. Серіктестіктің оның (олардың) нәтижесінде құны Серіктестік активтерінің жалпы баланстық құнының елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен айыратын (иліктен айыруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер кешенін жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау.

Өзара байланысты мәмілелер келесі:

 - 1) бір тұлғамен немесе бір-бірімен аффилиирленген тұлғалар тобымен бір мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға қатысты жасалған бірнеше мәмілелер;
 - 2) бір шартпен немесе бір-бірімен байланысты бірнеше шарттармен ресімделетін мәмілелер;
 - 3) Жарғыда немесе қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен өзара байланысты деп танылған басқа да мәмілелер.
- 7.1.15. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау;
- 7.1.16. өз құзыреті шегінде қатысушылардың Жалпы жиналысы қабылдаған басқа да мәселелер.
- 7.2. Шешім қабылдау қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде

өзгеше көзделмесе, Серіктестіктің басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

7.3. Қатысушылардың Жалпы жиналысы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

7.4. Қатысушылардың Жалпы жиналысы оның айрықша құзыреті Жарғыда қалай анықталғанына қарамастан, Серіктестік қызметіне қатысты кез келген мәселені қарауға алуға құқылы.

7.5. Қатысушылардың Жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 3 (Үш) ай ішінде Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекітуі және өткен қаржы жылындағы Серіктестіктің таза кірісін бөлу тәртібін анықтауы тиіс.

7.6. Қатысушылардың кезектен тыс Жалпы жиналысын Бас директор өз бастамасы бойынша, сондай-ақ Бақылау кеңесінің өтініші бойынша немесе Серіктестік Қатысушыларының/Қатысушысының бастамасы бойынша шақыруы мүмкін.

Егер Серіктестікке Қатысушылардың/Қатысушының, Бақылау кеңесінің талаптарына қарамастан, Бас директор кезектен тыс Жалпы жиналысты шақырмаса, оны олар дербес шақыра алады.

7.7. Егер Серіктестік таратылу сатысында болса, тарату комиссиясы қатысушылардың кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруы мүмкін.

7.8. Серіктестік органы немесе қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыратын тұлға (тұлғалар) жалпы жиналыс ашылатын күнге дейін 30 (Отыз) күннен кешіктірмей Серіктестіктің Бас директоры жүргізетін Серіктестік Қатысушыларының тізілімінде көрсетілген Серіктестіктің әрбір Қатысушысын осы Жарғыда көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша хабардар етуге міндетті.

Хабарламада мыналар көрсетілуі керек:

- 1) жиналыс өткізілетін уақыты, орны және күні;
- 2) күн тәртібіне қажетті материалдар қоса беріліп ұсынылған күн тәртібі;
- 3) қатысушылардың Жалпы жиналысының түрі: кезекті немесе кезектен тыс;
- 4) жиналысты өткізу тәртібі;
- 5) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі және сырттай дауыс беруді өткізу үрдісі;
- 6) оларға сәйкес жиналыс өткізілетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары және Жарғы.

Хабарламаға түсіндірме жазбалар және күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдердің жобалары қоса берілуі тиіс.

Серіктестік Қатысушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы – Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты жариялайтын <https://rusburmash.kazatomprom.kz/ru>, корпоративтік интернет-көзінде қосымша хабардар етуге құқылы.

Серіктестіктің кез келген Қатысушысы қатысушылардың Жалпы жиналысының күн тәртібіне оның ашылуына дейін 10 (Он) күннен кешіктірмей өз ұсыныстарын енгізуге құқылы. Сол мерзім ішінде Серіктестік Қатысушылары Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өздері анықтаған мәселелерді енгізуге құқылы. Осы талапты орындау Жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) үшін міндетті болып табылады.

Егер Серіктестік Қатысушыларының ұсынысы немесе талабы бойынша Жалпы жиналыстың бастапқы күн тәртібіне өзгерістер енгізілсе, жиналысты шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) Серіктестіктің әрбір Қатысушысын осы өзгерістер туралы кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен отырыс ашылғанға дейін 7 (Жеті) күн бұрын хабардар етуге міндетті.

7.9. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) келіп түскен ұсыныстарды қарауға және жиналыс ашылатын күнге дейін 10 (Он) күннен кешіктірмей оларды күн тәртібіне енгізу немесе енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) ұсыныстар қабылданған жағдайда Серіктестік Қатысушыларын күн тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы, сондай-ақ оған өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы

ұсыныстар қабылданбаған жағдайда Жалпы жиналыстың күн тәртібі бойынша өтініш берушіге қатысушылардың Жалпы жиналысы ашылғанға дейін 7 (Жеті) күннен кешіктірмей бас тарту туралы дәлелді жауап бере тұра хабарлауға міндетті.

Жалпы жиналыстың күн тәртібіне ұсыныстар енгізуден бас тарту және ол бойынша қабылданған шешім өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, ол мұндай шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

Жалпы жиналыстың күн тәртібіне «әртүрлі», «өзге», «басқа» және осыған ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кең түсінігі бар мәселелерді енгізуге тыйым салынады.

7.10. Аудиторлық ұйымның алдыңғы үш жылдағы қаржылық есептілігі мен есептері Бас директорда сақталуы тиіс және кез келген уақытта Серіктестіктің кез келген Қатысушысына танысу үшін ұсынылады. Серіктестікке Қатысушылардың өтініші бойынша оларға көрсетілген құжаттардан расталған үзінді көшірмелер беріледі.

7.11. Қатысушылардың Жалпы жиналысын өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, қатысушылардың Жалпы жиналысы туралы Ережеге сәйкес немесе тікелей қатысушылардың Жалпы жиналысы белгілейді.

7.12. Қатысушылардың Жалпы жиналысы ашылғанға дейін Серіктестікке Қатысушылардың келген өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Қатысушылар өкілдері тиісті өкілеттіктерді ұсынуы керек. Қатысушының тіркелмеген өкілі кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

7.13. Қатысушылардың Жалпы жиналысы Серіктестікке Қатысушылардың келген өкілдерін тіркеу деректері тиісті кворум бар деп болжауға жеткілікті негіз болған жағдайда, жарияланған уақытта ашылады. Барлық Қатысушылардың өкілдері тіркелген, хабардар етілген және жалпы жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмейтін жағдайларды қоспағанда, Жалпы жиналысты жарияланған уақыттан ерте ашуға болмайды.

7.14. Қатысушылардың Жалпы жиналысы, егер оған қатысқан немесе ұсынылған Серіктестік Қатысушылары жалпы дауыс санының жартысынан көбін жинаса, құзыретті деп танылады және кворум талаптары орындалды. Күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша шешім білікті көпшілік дауыспен немесе бірауыздан қабылдануы тиіс жағдайларда, Жалпы жиналыс егер оған қатысқан немесе ұсынылған Серіктестік Қатысушылары жалпы дауыс санының үштен екісінен астамы дауыс алған жағдайда шешім қабылдауға құқылы.

7.15. Кворум болмаған жағдайда, қатысушылардың Жалпы жиналысы бірінші шақырылған күннен бастап 45 (Қырық бес) күннен кешіктірмей «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қайта шақырылады.

Қайта шақырылған жиналыс жиналыста ұсынылған Серіктестік Қатысушыларының дауыс санына қарамастан құқылы. Егер оған ұсынылған Қатысушылар жалпы дауыс санының жартысынан кем дауысына ие болса, онда мұндай жиналыс дауыстардың білікті көпшілігін немесе бірауыздылықты талап етпейтін мәселелер бойынша ғана шешім қабылдауға құқылы.

7.16. Қатысушылардың Жалпы жиналысын Бас директор немесе бұйрық бойынша оның міндеттерін атқарушы тұлға ашады. Бақылау кеңесі немесе Серіктестіктің Қатысушылары/Қатысушылары шақыратын отырысты тиісінше Бақылау кеңесінің төрағасы немесе оның міндетін атқарушы тұлға не отырысты шақырған Қатысушылардың/Қатысушылардың бірі ашады.

Тарату комиссиясы (таратушы) шақыратын жалпы жиналысты тарату комиссиясының (таратушының) төрағасы немесе оны алмастыратын адам ашады.

7.17. Қатысушылардың Жалпы жиналысын ашатын тұлға Жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлайды. Жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде Серіктестіктің әрбір Қатысушысы (жарғылық капиталдағы үлесіне қарамастан)1 (Бір) дауысқа ие болады, ал шешім бірауыздан қабылданады.

7.18. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылау алдында қатысушылардың Жалпы жиналысында кворум белгіленуі қажет. Осы талапты орындамау қатысушылардың жалпы жиналысы кворум бар екендігі анықталғанға дейін қабылдаған барлық шешімдердің күшін жоюға әкеп соғады.

7.19. Жарғының 7.1 тармағының 7.1.1, 7.1.5, 7.1.8, 7.1.10 және 7.1.11 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша дауыс беру кезінде дауыс беру алдында бірден кворумды қайта жариялау қажет.

7.20. Қатысушылардың жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленген тәртіппен Серіктестік Қатысушыларына хабарланған күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ғана шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қатысушылардың Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуді серіктестікке Қатысушылар талап еткен мәселелер қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда да күн тәртібіне енгізілген болып есептеледі.

7.21. Қатысушылардың Жалпы жиналысының мәселелері бойынша шешімдерді Серіктестікке Қатысушылар бірауыздан қабылдайды және Жалпы жиналыстың хаттамасымен ресімделеді, оған Жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды.

7.22. Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдері, егер Қатысушылардың Жалпы жиналысы туралы Ережеде немесе Қатысушылардың/Қатысушының өтініші бойынша жасырын дауыс беру көзделмесе, ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

7.23. Жарғының 7.1 тармағының 7.1.1, 7.1.8 – 7.1.11 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді қоспағанда, қатысушылардың Жалпы жиналысының кез келген шешімі хаттармен, факсимильдік немесе электрондық хабарламалармен алмасу, телефон арқылы (конференц-байланыс) немесе Серіктестіктің барлық Қатысушыларына жіберілген және қабылданған хабарламалардың шынайылығын қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын пайдалану арқылы сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Қатысушылардың сырттай жалпы жиналысын өткізу үшін Серіктестіктің барлық Қатысушылардың жазбаша келісімі қажет.

Қатысушылардың сырттай Жалпы жиналысы Серіктестіктің барлық Қатысушыларын күн тәртібі мен күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдердің жобалары туралы хабардар етуді қамтамасыз ететін тәртіпте олардың әрқайсысына барлық қажетті құжаттармен танысуға, күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізуге және өздері анықтаған мәселелердің оған енгізілуін талап етуге, сондай-ақ күн тәртібін өзгерту туралы және талқыланатын мәселелер бойынша Серіктестіктің басқа Қатысушылардың пікірлері (сөйлеген сөздері) туралы дауыс беру басталғанға дейін Серіктестіктің барлық Қатысушыларын хабардар ету мүмкіндігімен өткізіледі.

Егер Қатысушылардың Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін барлық қатысушылардан тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер (немесе осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген хаттар мен хабарламалар) келіп түскен болса, одан кейін Жалпы жиналыстың хаттамасына ертерек (соңғы толтырылған бюллетень/хат/қатысушының хабарламасын тапсыру күні) қол қоюға рұқсат етіледі, ол қатысушылардың Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі.

7.24. Қатысушылардың Жалпы жиналысының қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша материалдар олар бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті және жеткілікті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

8. Серіктестіктің Бақылау кеңесі

8.1. Бақылау кеңесінің шешімдер қабылдау тәртібі және оның мүшелерінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Бақылау кеңесі туралы Ережеде айқындалады.

8.2. Бақылау кеңесі Серіктестіктің әрбір Қатысушысынан 4 (Төрт) мүшеден, 2 (Екі) өкілден тұрады. Бақылау кеңесінің өкілеттік мерзімін қатысушылардың Жалпы жиналысы белгілейді және 5 (Бес) жылдан аспауы керек. Бақылау кеңесінің жаңа мүшелері сайланған жағдайда мұндай мүшелердің өкілеттік мерзімі жалпы Бақылау кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін белгіленеді.

8.3. Бақылау кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана бола алады. Серіктестіктің бас директоры Бақылау кеңесінің мүшесі бола алмайды.

8.4. Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімі бойынша Бақылау кеңесінің кез келген мүшесінің (барлық мүшелерінің) өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген себеппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Егер Бақылау кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде Бақылау кеңесіне сайланған кандидаттардың саны Жарғыда көзделген Бақылау кеңесі мүшелерінің санынан аз (немесе көп) болса, Бақылау кеңесінің сайлауы жарамсыз деп танылады.

8.5. Бақылау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын өз еркімен тоқтатуды ол Серіктестікке, Бақылау кеңесі төрағасына және Серіктестік қатысушыларына жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырады. Бақылау кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Серіктестік аталған хабарламаны алған күннен бастап тоқтатылады.

8.6. Бақылау кеңесі мүшелерінің саны Жарғының 8.11 тармағында көрсетілген кворумнан аз болған немесе Бақылау кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі өткен және Бақылау кеңесінің жаңа құрамы сайланбаған жағдайларда, Бақылау кеңесінің функциялары Бақылау кеңесін қатысушылардың Жалпы жиналысы жүзеге асырады.

8.7. Бақылау кеңесінің құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

8.7.1. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің төрағасын сайлау;

8.7.2. Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;

8.7.3. жылдық бюджетті бекіту, сондай-ақ оған түзетулерді бекіту;

8.7.4. еңбекақы қорын айқындау және бекіту, штат деңгейін, штаттық кестені, ұйымдық құрылымын, еңбекақы төлеу схемасын, еңбекақы төлеу нысандары мен жүйесін, сондай-ақ Серіктестік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы төлеу шарттарын реттейтін ішкі тәртіп ережелерін бекіту, Серіктестік қызметкерлеріне жал беру;

8.7.5. Серіктестіктің барлық мәмілелерін (немесе өзара байланысты мәмілелер тобын), онда мәміле сомасы, немесе осы мәміле бойынша берілген мүліктің нарықтық құны, немесе төлеуге жататын баға 100 000 (Жүз мың) АҚШ долларынан (немесе басқа валютадағы баламасы) асатын мәмілелерін мақұлдау.

Бұл ретте, осы тармақшаға сәйкес Бақылау кеңесі бекіткен мәмілелерге тараптардың деректемелерін өзгерту бөлігінде, сатып алынған (сатылған, орындалған) көлемінің төмендеуіне байланысты мәміле сомасын азайту бөлігінде өзгерістер енгізу) бір бірлік бағасы өзгеріссіз қалған жағдайда немесе бағаның немесе тарифтің төмендеуіне байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Бақылау кеңесінің бекітуін талап етпейді.

8.7.6. Бас директорға еңбек шартының талаптарын, еңбекақы төлеу шарттарын, лауазымдық жалақысының және сыйлықақыларының мөлшерін анықтау;

8.7.7. Бас директордың және оның орынбасарларының есепті кезеңге түйінді көрсеткіштерінің тізбесін (бұдан әрі - ҚТК) және мақсаттық мәндерін бекіту, Бас директордың және оның орынбасарларының есепті кезеңнің қорытындылары бойынша ҚТК орындалуын бағалау (есепті кезеңдегі ҚТК нақты мәндерін бекіту арқылы), жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша Бас директор мен оның орынбасарларына сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау.

8.7.8. Бас директорға қатысты тәртіптік жаза қолдану және мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешімдер қабылдау;

8.7.9. Бас директордың орынбасарларын, оның ішінде қаржы директорын, бас бухгалтерді, ұйымдық рәсімдерді және сатып алуды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық

- бөлімшенің басшысын немесе Серіктестікте осы функцияларды жалғыз жүзеге асыратын тұлғаны қоса алғанда, лауазымға кандидаттарды бекіту және қызметтен босату;
- 8.7.10. Серіктестіктің корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақысының мөлшерін, оған еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу; корпоративтік хатшы лауазымын бекіту; корпоративтік хатшының есепті кезеңдегі ҚТК, сондай-ақ есептік кезеңнің қорытындылары бойынша корпоративтік хатшының ҚТК орындауы туралы есебін бекіту; тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау; корпоративтік хатшының қызметі туралы есептерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
- 8.7.11. Серіктестіктің тәуекел және комплаенс қызметкерін (бұдан әрі – CRO) тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, тәуекел және комплаенс қызметкері туралы ережені бекіту, еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау, әлеуметтік қолдау көрсету, тәуекелдер мен комплаенс қызметкерінің қызметінің көрсеткіштерін бекіту және бағалау, тәуекел және комплаенс қызметкеріне тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау, тәуекел және комплаенс қызметкерінің қызметі туралы есептерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
- 8.7.12. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 8.7.13. құпия сипаттағы және Серіктестіктің қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын мәліметтерді анықтау және тиісті ережені бекіту;
- 8.7.14. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:
- 1) қызметкерлердің іссапарларына бару ережелері (соның ішінде іссапарға жіберілген қызметкерлердің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын);
 - 2) өкілді мақсаттарға бөлінген қаражатты пайдалану қағидаларын;
 - 3) Серіктестіктің есеп және салықтық есеп саясаты;
 - 4) тәуекелдерді және (немесе) комплаенс басқару саясаты мен ережелері.
- 8.7.15. Серіктестіктің тәуекелдерді басқару жүйесі, ішкі бақылау жүйесі, бизнестің үздіксіздігін басқару жүйесі бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- 8.7.16. Серіктестіктің басқа заңды және жеке тұлғаларға, Серіктестік қызметкерлеріне несие алуын және беруін мақұлдау;
- 8.7.17. қайырымдылық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру бойынша шешімдер қабылдау;
- 8.7.18. Серіктестіктің облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
- 8.7.19. Бақылау кеңесінің жұмыс жоспарларын бекіту;
- 8.7.20. Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептерді қарау;
- 8.7.21. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімдерімен, Бақылау кеңесі туралы Ережемен және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарымен Бақылау кеңесінің құзыретіне жатқызылған қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
- 8.8.** Бақылау кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.
- 8.9.** Бақылау кеңесінің отырыстарын Бақылау кеңесінің төрағасы өз бастамасы бойынша немесе өтінішхат бойынша шақырады:
- Бақылау кеңесінің кез келген мүшесін;
 - Серіктестік Қатысушысын;

- Серіктестіктің Бас директорын.

8.10. Бақылау кеңесінің отырысын өткізу күні, уақыты және орны, сондай-ақ күн тәртібі туралы мәліметтер, түсіндірме жазбалар мен күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша шешімдердің жобалары және басқа да қажетті материалдар қамтылған жазбаша хабарлама. Бақылау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 20 (жиырма) күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

Бақылау кеңесінің шұғыл шешім қабылдауын талап ететін мәселелер бойынша отырыстар туралы Бақылау кеңесінің мүшелері отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 7 (Жеті) күн бұрын жазбаша түрде хабардар етіледі.

8.11. Бақылау кеңесінің отырысын өткізу кворумы 3 (Үш) адамды құрайды.

Бақылау кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша кворумның болуын және дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде Бақылау кеңесінің күн тәртібіндегі отырысына келмеген Бақылау кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

8.12. Бақылау кеңесінің отырысында шешімдер Бақылау кеңесі мүшелерінің жалпы санының 3/4 (Төрттен үш) даусының білікті көпшілік даусымен қабылданады.

8.13. Бақылау кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Бақылау кеңесінің басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

8.14. Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша Бақылау кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін атқару кезеңінде Бақылау кеңесінің мүшелері ретінде өздерінің функцияларын орындауға байланысты сыйақылар және (немесе) шығыстары өтелуі мүмкін. Мұндай сыйақы мен өтемақы мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

